

Бекітілген

ЦИКЛОГРАММА
I апта 27.09-01.10, 2020ж
«Ақбота» ересек тобы

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»
Тақырыпша. «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.Таным Математика негіздері-1 2.Шығармашылық Музыка -0.5(2/4) 3. В.К Ғажайып тастар сыры-1	Сейсенбі 1.Денсаулық Дене шынықтыру-1 2.Қатынас Орыс тілі-0.5(1/3) 3.Шығармашылық Сурет салу-1	Сәрсенбі 1.Шығармашылық Жапсыру-0,5 (2/4) Мүсіндеу-0,5 (1/3) 2.Денсаулық Дене шынықтыру-1	Бейсенбі 1.Қатынас Көркем әдебиет-1 2.В.К «Әсем бояулар-1» 3.Шығармашылық Музыка-1 4.Таным Жаратылыстану-1	Жұма 1.Таным Құрастыру-0.5 (1/3) 2.Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0.5 (2/4) 3.Қатынас Сөйлеуді дамыту-1 4.Денсаулық Дене шынықтыру-1
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №9 Пед жет ойын: «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы біледі, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді. 4К моделі, бала үні.	Картотека № 4 Құрлымдалған ойын: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балалар құстар туралы білім түсініп,. құстарға қамқорлықпен қарауды біледі. 4К моделі, бала үні.	Картотека № 5 Пед жет ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсіне отырып, диқанишылардың еңбегін құрметтеуді түсінеді. 4К моделі, бала үні.	Картотека №15 Құрлымдалған ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба отырып, өз ойын айта алады. 4К моделі, бала үні.	Картотека №17 Құрлымдалған ойын «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: Түстер туралы біледі. түстерді сәйкестендіре алады. 4К моделі, бала үні.
	Әлеумет саласы картотекасынан . Картотека қосымша тізілген.				
Таңертеңгі гимнастика	Қазан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ № 16 / құралсыз, әуенмен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, жылжымалы қадаммен жанына, артқа жүру . Шеңбер бойымен аяқты артқа қарай жіберіп, түзу жүгіру . Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру. Қол бүйірде, аяқтың ішімен жүру. Шеңбер бойымен жай жүру .1 сапқа тұру. Саптан 4 лекке (колонна) тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Б.қ.: «Маса ұшты» Аяқтар алысқа қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Қақпа» Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. 1- шынтақты артқа созу,2- шынтақты беттестіру. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Шапалақ» Аяқтар алысқа қойылған, қолдар белде. 1- алдыға еңкею, 2- қолдарды шапалақтау. 3- артқа иалқаю, 4- шапалақтау . /6 рет қайталау./ Б. қ.: «Күнге жетемін» Аяқтар алысқа қойылған, қолдар белде. 1- қолымызды екі жаққа созамыз. 2- өкшемізді көтеріп, қолымызды жоғары көтереміз де созыламыз. 3 -б.қ. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Шапалақ» Аяқтарын біріктіру. Қолдар белде. 1- тізені бүгіп отырады, 2- орныныан тұрып шапалақтайды. 3- б.қ. (6 рет қайталау)				

	Б.қ.: «Биіш аяқтар» Аяқтарын біріктіру, қолдар белде. 1- оң аяқты жанға созу, 2- б.қ.; 3-сол аяқты жанға созу, 4- б.қ.; /6 рет қайталау./ Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Қорытынды: 4 лектен (колонна) 1 саппен шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Бала үні. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелеу				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				
Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастыр ылған оқу қызмет-тері	1.Математика негіздері. Тақырыбы: 1 саны мен цифры. Мақсаты: Балалар 1 саны және цифрын біледі. «Үлкен кіші» шамаларын, «көп бір» ұғымдарын дұрыс атай алады. Ресурстар: 1 санының суреті, дидактик материалдар. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау Оқу қызметінің барысы. Ұйымдастыру кезеңі. Бала үні Қызығушылықтарын ояту. Есік қағылып, хат тасушының білім ханшайымынан хат әкелуі.. Хатты ашып оқу..... Хатта берілген тапсырмаларды орындау. -Геометриялық пішіндерді көрсету. Блум таксономиясы. Әр пішіннің артынан тапсырма орындау. 1-тапсырма. Құрлымдалған ойын: «Суретін сал.» Оң жақтағы кірпінің үстіне 1 алманың, сол жақтағы кірпінің үстіне 2 алманың суретін сал.	1.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша 2. Орыс тілі маман жоспары бойынша 3.Сурет салу Тақырыбы: Тостағанды әшекейлеу (заттық сурет салу) Мақсаты: Сопақша пішіннен тостағанның суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуді және таныс элемент-терді (нүкте, дөңгелек, жолақшаларды) салуды біледі. Оқу қызметінің барысы. «Күннің көзі»ойыны Балалар жақсы тілек айтып күннің көзінің шапағын тақтаға жаспырады. Сыни ойлау, бала үні Қызығушылықтарын ояту. Балалар ертегі тыңдағыларың келе ма? Ал, онда мен сендерге Аю мен Маша ертегісін айтып берейін. Ертегі Аю мен Маша Ертегі желісі бойынша	1.Мүсіндеу Тақырыбы: Бақшадағы өнімді жинау (сәбізді жинау) Мақсаты: домалақтау, сопақшалау, шымиу тәсілдері арқылы сәбіз мүсінін жасауды үйренеді. Ресурстар: дидактик материалдар. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау Оқу қызметінің барысы. Қоян: балалар мен орманда серуендеп жүр едім, менің себетімдегі сүйікті асым сәбіздерім түсіп қалған. Енді менің көжектерім аш қалды. Маған сүйікті асымыз сәбіз керек. Блум таксономиясы, бала үні. Ой қозғау. Балалар қоянның сүйікті асы не? . -Балалар қоянға көмектесеміз бе? Қане орнымыздан тұрайық, қоян шаршап қалған секілді қоянмен бірге сергіп, алайық. Бала үні.	1. Көркем әдебиет Тақырыбы: Отбасы Мақсаты: Отбасы тақырыбына байланыс-ты жаттаған өлеңді мәнерлеп айтуды біледі. Ресурстар: Отбасы суреттері, АКТ технологиясы. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау Оқу қызметінің барысы. Ермек Өтетілеуұлының «Біздің шаңырақ» өлеңін қайталайды. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар, Отбасым мыналар, Ең жақын адамдар: Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар. Бәрін жақсы көемін, Еркелеймін,еремін. Бала үні. Ой дамыту. АКТ технологиясы. Слайд. Отбасы Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар? «Отбасы» дегеніміз не екенің білесіңдер ме? - Отбасы мүшелеріне кімдер жатады?	1. Құрастыру Тақырыбы: Біздің көше Мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен орналастыруды үйренеді. Ресурстар: дидакт материалдар. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы. Балалармен амандасу Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім жылдам?» Жұмбақ жасыру Ұзын – ұзын жіп, Ұшына шыққан жан бар ма. Ұшына шықпас жалғанда. (Жол). Күзде киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды. (Ағаш).

	 2-тапсырма. Құрлымдалған ойын: «Сызықпен көрсет» Суретте екі-екіден тұрған заттарды қоршап сыз. Бір-бірден қай зат қалды  Сыни ойлау, бала үні, өнім арқылы саралау, блум таксономиясы. -Дұрыс ,сан мен жылқы бір – бірден қалды. Ой дамыту. Ісаны мен цифрын таныстыру. Мені келсе білгің, Мен таяқша бірмін Барлық санға жол бастап, Ең басында тұрмын. 1 санымен таныстыру. 1 санын ауада жаздыру. Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы. Сергіту сәті. Бәріміз біргеміз, Оңға бір қадам, солға бір қадам. Шапалақ ұрамыз. Алға бір қадам, артқа бір қадам. Шапалақ ұрамыз Пед жет ойын: «Бір санын тап» Ойын шарты: Балалар берілген сандардың ішінен бір санын тауып қоршап сызады.	сұрақ қою. -Машиа орманда не істеп жүрді? -Машиа адасып қайда барды? -Ормандағы үйде нелер тұрады? -Машиа не істеді? Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні Ой дамыту. Балалар , қараңдаршы мына аюлардың тостағандары сынып қалған ,әдемілеп берейік. Оқу ортасы арқылы саралау. 3-топқа бөлу. Түстер арқылы топқа бөлу. Үлгі көрсету,түсіндіру. 1-топ Үлкен аюдың тәрелсесін әшекейлейді. 2-топ Ортанышы аюдың тәрелкесін әшекейлейді. 3- топ Кіші аюдың тәрелкесін әшекейлейді. Балалардың өз бетінше жұмысы. Жанама бақылау, креативтілік, бала үні. Сергіту сәті: Ал балалар тұрайық, Мойнымызды бұрайық. Қолымызды созайық, Жел сияқты қалықта, Оңға,солға иіліп Денемізді бұрайық. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Галерея шарлау әдісі. Балалар бір бірінің жұмысын бағалайды. Балаларды мадақтау.	Сергіту сәті. Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбдырды Ойлы, қырлы жерлермен Ытқып, ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің . Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. Ой қозғау. Ендеше қалай көмектесеміз? Балалар қоянға чабиз көп керек. Сол үшін 2 топқа бөлініп сәбіз жасап берейік. Оқу ортасы арқылы саралау, блум таксономиясы, Топқа бөлу. Өз қалаулары бойынша топқа бөліну Үлгі көрсету түсіндіру. Оларға сәбіз жасап беру үшін, алдымен мына менің қолымдағы сәбізге қарайық. Сәбіздің түсі қызғылт сары болады. Сәбіздің бас жағы үшкір, сопақша келеді. Және ұзынша келген жапырақтары бар екен. Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы 1-топ үлкен сәбіз мүсіндейді. 2-топ кішкентай сәбіз мүсіндейді. Енді балалар жұмыстарымызды бастайық. Балалардың өз бетінше жұмысы. Сыни ойлау, бала үні, өнім арқылы саралау, креативтілік, жанама бақылау. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау, қорытындылау. Пед жет ойын: «Сәбізді себеттерге тездетіп сал» Қоян: балалар көп-көп рахмет сіздердің арқаларында	-Отбасындағы ең үлкен адамдарды қалай атаймыз? -Ал, отбасындағы ең кішкентай мүшелерін қалай атаймыз? -Дастархан басында ата мен әже қай жерде отырады? (тәрде) - Ал, шәйді кім құйып береді? (ана) -Балалар дастархан басында қалай отырамыз? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні Ыстық орындық. Пед жет ойын: «Менің отбасым» өз отбасы туралы айтып береді? Бала үні. Құрлымдалған ойын: ойын: «Кімге тиісті?» Шарты: Балалар суреттегі заттарды қарап оның кімге тиісті екенін тауып алу керек. Сергіту сәті (Музыка әуенімен) Ж.Мұхамеджановтың «Сыйлаймын» өлеңін жаттау Сыйлаймын Ата менен ананың Айтқан тілін аламын. Үлкен кісі жұмсаса, Қайда болсын барамын. Төсекті өзім жинайымын, Ешкімді де ұрмаймын. Ешкім маған тимейді, Мен де бәрін сыйлаймын. Бір қадам әдісі бойынша жаттау. 4к моделі, Бала үні, мазмұн арқылы саралау Қорытынды. Сұрақтар ілмегі. Бүгін кімдер туралы әңгімелестік? Отбасы мүшелеріне кімдер жатады? Балаларды мадақтау. 2.В.К	Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (Автобус). Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Жұмбақтың мағынасын түсіндіру. Ой қозғау. Көшеде жүргенде нелерді көреміз? Бала үні. Көшедегі биік үйлерді кімдер салады? Құрылысшы кім? Балаларды мадақтау. Құрлымдалған ойын: «Құрылысшылармыз» Бүгін, сендер, құрылысшы болып, өз қаламызға, аулымызға жаңа көше тұрғызасыңдар. Оны қалай атасақ екен? Бала үні. Балалар, көшенің қай жерде салынатыны туралы, әңгімелесу. Топқа бөлу. Сандар арқылы топқа бөліну (1,2 сан) Балалар, көше салуға кіріседі. Жанама бақылау, сыни ойлау, бала үні. Сергіту сәті. Ал, балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп. Бір отырып, бір тұрып, Бір тынығып алайық. Пед жет ойын: «Көшені сипатта» Жасалған жұмысты талдау қорытындылау. Галерея шарлау әдісі
--	---	---	--	---	---

	Қорытынды. Білім ханшайымының қандай тапсырмаларын орындадыңдар? Қандай цифрмен тансытыңдар? Бала үні, сыни ойлау. Балалар, сендер Білім ханшайымы жіберген барлық тапсырмаларды орындадыңдар. Жарайсыңдар! Балаларды мадақтау. 2. В.К «Ғажайып тастар сыры» Тақырыбы: «Сиқырлы лупа» Әдіс тәсілі: 1.Дид.ойын «Бұл не ?» (құрылымдалған ойын) 2.Сұрақ-жауап бала үні 3.Бағалау күлегештермен		көжсектерім тоқ болады. Сау болыңыздар. Қоян шығып кетеді. Қорытынды. Балалар қоянымызға не жасап бердік? Сәбіздің түсі қандай? Қоянымыздың көңіл-күйі жақсарды ма? Бала үні.Мадақтау.	«Әсем бояулар» Тақырыбы: «Күнбағыс» Әдіс тәсілдері: 1.Суретпен жұмыс 4к креативтілік,топтықжұмыс 2.Сұрақ-жауап Бала үні 3.Бағалау көңілді күлегештермен 3.Музыка маман жоспары бойынша 4.Жаратылыстану Тақырыбы : Бақшадағы көкөністер Мақсаты : Көкөністерді таниды және олардың атауын , пайдасын айта алады. Ресурстар: Көкөністер суреттері, муляждар, АҚТ тех Әдіс-тәсілі: 4К моделі, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау Оқу қызметінің барысы. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі екенің қайдан білдіңдер? Аптаның қай күні? Ал,қазір қай уақыт? Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Тосын сәт Есік қағылып топқа күтуші апай Сиқырлы қорапша әкеледі. Жетелеуші сұрақтар. -Балалар,қалай ойлайсыңдар, мына менің қолымдағы қораптың ішінде не бар екен? Балалардың жауаптары. Мен сендерге жұмбақ жасырамын, жұмбақты шешсеңдер қорапта не бар екенін білесіңдер. Жұмбақ жасыру. 1.Іші жұмсақ,сырты қатты, Еті қызыл,сүті тәтті. 2.Аспай піскен,	Екі топ бір-бірін бағалайды. Балалар мен ақылдаса отырып, көшенің атын қою. Бала үні: Балаларды мадақтау. 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің отбасым (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Отбасы, отбасындағы қарым-қатынас туралы айтып бере алады. Ресурстар: Отбасы суреттері. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ. «Балалы үй-базар» Н.Әлімқұлов. Біздің үйден ән тарап, Дұмандатар өмірді. Біздің үйде салтанат, Біздің үйде көңілді. Бала үні. 1.Қызығушылықты ояту. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Дегенімді жасайтын Қалған тамағымды асайтын, Ертін алып жетектеп «Немерем» – деп атайтын? Кім ол? Сыни ойлау, Бал үні Балалар: – Апай, бұл «Ата» – ғой Ертегі айтып беретін Айтқаңына сенетін. Дегеніңді екі етпей Жаңында сенің жүретін, Кім бұл? Бал үні
--	--	--	---	---	---

				Қайнамай түскен. 3. Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. <i>Бала үні, сыни ойлау</i> Қораптан көкөністер муляжы шығады. Көкөністер қайда өседі? Көкөністер қандай болады? Көкөністерді неліктен пайдалы дейміз? <i>Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы.</i> Ой дамыту. АКТ. Слайд Көкөністер Көкөністердің құрамында адамның ағзасының өсуі мен дамуына пайдалы түрлі дәрумендер бар. Көкөністер бақшада өседі. <i>Үдеріс арқылы саралау, блум таксономиясы.</i> Топтық жұмыс <i>Пед жет ойын: «Суреттер тізбегі»</i> Шарты: Үстелдің үстінде жатқан қағаз қиындыларын құрастыру. (әр үстелде көкөністердің суреттері құрылады. Сол құрылған сурет топтың аты болады.) <i>Оқу ортасы арқылы саралау.</i> 1 – топ қызанақ туралы сипаттама беру. (түсі, пішіні, дәмі, салмағы, сапасы т.б.). 2 – топ орамжапырақ туралы сипаттама беру. (түсі, пішіні, дәмі, салмағы, сапасы т.б.). 3 – топ сәбіз туралы сипаттама беру. (түсі, пішіні, дәмі, салмағы, сапасы т.б.). Әр топ түсінік береді. <i>Сыни ойлау, бала үні, өнім арқылы саралау, тікелей бақыла.</i> Сергіту сәті. Бақшаға біз барамыз, (Бір орында сап түзіп жүру).	Балалар: – Бұл «Әже» – зой апай! Кіріңді сенің жуатын Үйді шаптың и деп қуатын Тамағыңды дайындап Жақсы көріп тұратын. Бұл кім екен? Балалар: – Апай бұл біздің «анамыз» – зой. (сыни ойлау, коммуникативтілік, бала үні) II. Ой дамыту Жанұя туралы түсінік беру. -Отбасы мүшелерін атау. ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, іні, қарындас, сіңлі. Сұрақ-жауап. Сенің отбасың қандай? Отбасында неше адам бар? Олар кімдер? -Атаң мен әжең кім? -Әкең қайда жұмыс істейді? -Анаң қайда жұмыс істейді? -Сен неше жастасың 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау III. Миа шабул Сурет бойынша әңгіме құрастыру. IV. Ой қозғау Мақал – мәтелдер. -Отанды сүю отбасынан басталады. -Үлкен – бастар. Кіші – қостар. Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ.
--	--	--	--	---	--

				Өнімдерді жинаймыз. (Бір-бірінің қолынан ұстап шеңберді айналып жүру). Сәбізді жұлып, картопты қазып, Орамжапырақтың түбін кесеміз. (Сәбізді кесіп, қазып, тасып жатқанын салады). Аз-аздап жұламыз. («Жұлады»).Соқпаққа түсіп, қайтамыз үйге. (Бір-бірінің қолынан ұстап шеңберді айналып жүру) Құрлымдалған ойын: «Кім көкөністі көп жинайды» Ойын шарты: екі топқа бөлініп себеттерге ең көп көкөністерді жылдам жинау. Қорытынды. Әр топқа көңілді көкөністер тарату. Балаларды мадақтау.	Бал үні, сыни ойлау. Қортынды Санамақ сыры Санамақ айту. Бір үйде біз нешеуіміз, Кел, санаайық екеуіміз. Бас бармағым –атам, Балан үйрек- әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкене бөбек – мен. Бір үйде біз бсеуіміз, Тату тәтті екенбіз Жетелеуші сұрақтар арқылыбақылау 3.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу . жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу				Ойын
Серуен:	Картотека №16 Бақылау: Кемпірқосақты бақылау . Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. Еңбек: Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау . Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Жеке жұмыс: Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің , Аспанға әшкейлеп Кесте тіктім. (Кемпірқосақ)	Картотека №17 «Күз көрінісін бақылау» Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Жеке жұмыс: «Күз» өлеңі. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Көрінеді шалғайдан, Бел-	Картотека №18 Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей	Картотека №19 Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жай жаңбыр, өткініші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден, Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың	Картотека №20 Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: «Суға түкірме », «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме»

	Мақсаты: Түстерді ажырата білу. Балалардың ой –өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету. Дербес ойындар: 1.Әткеншек тебу. 2.Ирек жолмен жүру.	белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен. Қимылдық ойын: «Қашпа, доп». Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Дербес ойындар: Қуаласпақ Қояндар секіреді.	Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Қимылдық ойын: «Монданақ». Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады. Ортаға біреу шығады. Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ, міне кетті монданақ», - деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды. Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.	есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Тренинг: «Қолшатыр».	т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылдық ойын: «Ақ қоян» Ойын барысы: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту Балалардың өз бетімен ойнауы
	Серуен картотекасынан (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Бала үні Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№16 1. Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық. -Күн шықты, гүлдер жайлап ашылып өсіп келеді (қолдарын созады). Кенеттен баяу жел соға бастады, гүлдер желмен жан - жаққа шайқалады (қолдарын жанға созу, сермеу) -аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды, гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады (қолдарын тізелерінің үстіне қойып бүрісіп отырады). - күннің көзі күлімдеп шыға бастады, гүлдер , құлпырып, жайнап ашыла бастайды (балалар қолдарын жоғары созып бұлғау) 2. Гимнастикалық жолдан жүру Әдемі жүреміз Шынықсын өкшеміз Түзіліп тұрайық Шаттанып ойнайық «Губка жолмен жүріп өту» 3. Тыныс алу жаттығулары Гүл араға бал берер, Гүл далаға сән берер Жұлып алып искесең Хош иісті гүл берер «Гүл иәскеу» 4. Жуыну жолдары Суым, суым, суым-ай Бетімді менің жудың-ай Алмадай бетім қызарды Таза болдым шіркін-ай.	№17 1. Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық. -Күн шықты, гүлдер жайлап ашылып өсіп келеді (қолдарын созады). Кенеттен баяу жел соға бастады, гүлдер желмен жан - жаққа шайқалады (қолдарын жанға созу, сермеу) -аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды, гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады (қолдарын тізелерінің үстіне қойып бүрісіп отырады). - күннің көзі күлімдеп шыға бастады, гүлдер , құлпырып, жайнап ашыла бастайды (балалар қолдарын жоғары созып бұлғау) 2. Гимнастикалық жолдан жүру Әдемі жүреміз Шынықсын өкшеміз Түзіліп тұрайық Шаттанып ойнайық «Губка жолмен жүріп өту» 3. Тыныс алу жаттығулары Гүл араға бал берер, Гүл далаға сән берер Жұлып алып искесең Хош иісті гүл берер «Гүл иәскеу» 4. Жуыну жолдары Суым, суым, суым-ай Бетімді менің жудың-ай Алмадай бетім қызарды Таза болдым шіркін-ай.	№18 1. Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық. -Күн шықты, гүлдер жайлап ашылып өсіп келеді (қолдарын созады). Кенеттен баяу жел соға бастады, гүлдер желмен жан - жаққа шайқалады (қолдарын жанға созу, сермеу) -аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды, гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады (қолдарын тізелерінің үстіне қойып бүрісіп отырады). - күннің көзі күлімдеп шыға бастады, гүлдер , құлпырып, жайнап ашыла бастайды (балалар қолдарын жоғары созып бұлғау) «Губка жолмен жүріп өту» 3. Тыныс алу жаттығулары Гүл араға бал берер, Гүл далаға сән берер Жұлып алып искесең Хош иісті гүл берер «Гүл иәскеу» 4. Жуыну жолдары Суым, суым, суым-ай Бетімді менің жудың-ай Алмадай бетім қызарды Таза болдым шіркін-ай.	№19 1. Ояну Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық. Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы күн, құлақтарым!(құлақтарын сипау) Қайырлы күн, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы күн, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) 2. Гимнастикалық жолдан жүру Әдемі жүреміз Шынықсын өкшеміз Түзіліп тұрайық Шаттанып ойнайық «Губка жолмен жүріп өту» 3. Тыныс алу жаттығулары Гүл араға бал берер, Гүл далаға сән берер Жұлып алып искесең Хош иісті гүл берер «Гүл иәскеу» 4. Жуыну жолдары Суым, суым, суым-ай Бетімді менің жудың-ай Алмадай бетім қызарды Таза болдым шіркін-ай.	№20 1. Ояну Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. 2. Гимнастикалық жолдан жүру Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. 2.«Денсаулық» жолымен жүру. Әдемі ирек жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табаңға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. 3. Тыныс алу жаттығулары Гүл араға бал берер, Гүл далаға сән берер Жұлып алып искесең Хош иісті гүл берер «Гүл иәскеу» 4. Жуыну жолдары Суым, суым, суым-ай Бетімді менің жудың-ай Алмадай бетім қызарды Таза болдым шіркін-ай.
	Ұйқыдан ояту жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес	Құрлымдалған «Дәрігер» сюжетті-рөлді ойыны	Құрлымдалған «Құрылысшылар» сюжетті-рөлді ойын	Құрлымдалған «Жол полициясы» сюжетті	Құрлымдалған «Аспазишы» сюжетті-рөлдік ойын	Құрлымдалған «Пошта» сюжетті-

әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалар топтарға бөліне білу және аяқталған-нан кейін қайтадан бір ұжымға бірігуді біледі. 4К моделі, бала үні Жеке баламен жұмыс. Апельге берілген дыбысты дұрыс айтуды, сөздегі бірінші дыбысты анықтап айтуды жаттықтыру. Жанама бақылау.	Мақсаты: сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген ролдерді ойнай алады. 4К моделі, бала үні Жеке баламен жұмыс. Қимылды ойындарды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Мансур, Фархад. Еркін ойын. Жанама бақылау.	рольді Мақсаты: Транспортишылардың, автоинспектор қызметкер-лерінің еңбектерін құрмет-теуге және қызығушылық таныта біледі. 4К моделі, бала үні Жеке баламен жұмыс. Қарапайым үйлесімділікті сақтай отырып заттардың пішінін мүсіндей білуге үйрету. Бақтиярға. Еркін ойын. Жанама бақылау.	Мақсаты: Азық-түлік өнеркәсібінің қызметкер-лерінің еңбегі туралы түсініктерді біледі. 4К моделі, бала үні Жеке баламен жұмыс. Жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата білуге үйрету. Адияға ойын. Жанама бақылау.	рольді ойын Мақсаты: Ойын кезінде балалар ауыспалы заттарды қолдануды өз қиялынан туған жағдаятты түсініп соған сәйкес әрекет ете алады. 4К моделі, бала үні Жеке баламен жұмыс. Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналай алуға үйре ту. Ибрахимді. Жанама бақылау.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Картотека №16 Бақылау: Кемпірқосақты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып, жаңбырдан кейін аспанда әшекейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. Еңбек: Біздің аула. Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Жеке жұмыс: Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің, Аспанда әшекейлеп Кесте тіктім. (Кемпірқосақ) Мақсаты: Түстерді ажырата білу. Балалардың ой-өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.	Картотека №17 «Күз көрінісін бақылау» Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Жеке жұмыс: «Күз» өлеңі. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақтар	Картотека №18 Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы,	Картотека №19 Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жай жаңбыр, өткізші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден, Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек».	Картотека №20 Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтыласын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыным сөздерді жаттату. Мақсаты: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірма» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылдық ойын: «Ақ қоян» Ойын барысы: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін,

	Дербес ойындар: 1.Әткеншек тебу. 2.Ирек жолмен жүру	төгілген, Тоғайды да көрдім мен. Қимылдық ойын: «Қашпа, доп». Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Дербес ойындар: Қуаласпақ Қояндар секіреді.	сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Қимылдық ойын: «Монданақ». Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңселе отырады. Ортаға біреу шығады. Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ, міне кетті монданақ», -деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды. Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.	Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Тренинг: «Қолшатыр».	байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту Балалардың өз бетімен ойнауы
		Таңғы серуен картотекасын қайталау (картотека қосымша тігілген)			
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту Балалардың үйге қайтуы..	Консультация для родителей: «Почему дети разные» орыс тілі жетекшісі	Психолог: «Менің отбасым» сурет	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	«Балаңыз дұрыс сөйлесін десеніз» ақыл-кеңес логопед

Бекітілген


ЦИКЛОГРАММА
II апта 4-8 қазан 2020ж.
«Ақбота» ересек тобы

Өтпелі тақырып « Менің отбасым»
Тақырыпша. «Менің көшем»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.Таным Математика негіздері-1 2.Шығармашылық Музыка -0.5(2/4) 3. В.К Ғажайып тастар сыры -1	Сейсенбі 1.Денсаулық Дене шынықтыру-1 2.Қатынас Орыс тілі-0.5(1/3) 3.Шығармашылық Сурет салу-1	Сәрсенбі 1.Шығармашылық Жапсыру-0,5 (2/4) Мүсіндеу-0,5 (1/3) 2.Денсаулық Дене шынықтыру-1	Бейсенбі 1.Қатынас Көркем әдебиет-1 2.В.К «Әсем бояулар-1» 3.Шығармашылық Музыка-1 4.Таным Жаратылыстану-1	Жұма 1.Таным Құрастыру-0.5 (1/3) 2.Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0.5 (2/4) 3.Қатынас Сөйлеуді дамыту-1 4.Денсаулық Дене шынықтыру-1
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Құрылымдалған ойын: «Жәндіктерді сипатта» Мақсаты: суреттегі жәндіктерді атап, сипаттай алады. 4К моделі, бала үні	Педагог жетек ойын: «Құмырсқаның илеуі» Мақсаты: балалар құмырсқаның түріне қарай топтаса алады. 4К моделі, бала үні	Педагог жетек ойын: «Зообақ тұрғындары» Мақсаты: балалар жабайы жануарларды ажыратып, атай алады. 4К моделі, бала үні	Құрылымдалған ойын: «Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты: жазғы табиғат құбылыстарын атай алады 4К моделі, бала үні	Құрылымдалған ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: логикалық ойланып, қарама-қарсы мағынасы бойынша айта алады. 4К моделі, бала үні
Таңертеңгі гимнастика	Қазан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. № 6/құралсыз, сылдырмақпен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру. Табанмен қалыпты, жұмсақ жүру. Шеңбер бойы тұру, арақашықтықты сақтау Негізгі бөлім: Б.қ.: «Құстар ұшты» 1. Аяқты алысқа қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чип- чирик» деп айту. Б.қ.: «Мотор» 2. Аяқты алысқа, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңселек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /6 рет/ Б.қ.: «Гүлдің ашылуы» 3. Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу. /6- рет/ Б. қ.: «көңілді пингвин» 4. Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру. /10-15секунд/ Тыныс алу жаттығулары: «Ботқа пісты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Қорытынды: Шеңбер бойы маршпен жүру. «Құлыншақ» - тізені жоғары көтере жүгіру. Бастапқы қалыпқа келу.				

Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				
Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1.Математика негіздері Тақырыбы: 1 цифры. Жылдам – баяу. Үшбұрыш. Ресурстар: АКТ технол, дидакт материалдар. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Ұйымдастыру кезеңі. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілінде неше ай бар? - Күз Күз мезгілінде ауа – рай қандай болады? Сыни ойлау, бала үні, блум таксономиясы. Мига шабуыл. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Таңғажайып кірпішті, Бір-біріне қаладым. Ұнамаса құлатып, Қайта-қайта қаладым. (Текшелер) Кезікті кербез сұлу, Бір жануар. Үстінде Екі тауы бар. (Түйе) Ой дамыту. Суретпен жұмыс. «Неше текше, неше түйе» көріп тұрсыңдар. Сыни ойлау, бала үні. -Дұрыс бір түйе, көп текшелер. Тосын сәт. Буратинодан аудио келеді. Балаларға тапсырма орындай алмай жатқанын айтады. Көмектесіңдерші..	1.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша 2.Сурет салу Тақырыбы: Менің көшем (Сюжетті сурет салу) Мақсаты: Сюжеттік сурет салуды (ағаштар мен бұталарды) үйренеді. Тақырып бойынша суретті бояу жолдарын біледі. Ресурстар: Ленталар, доп, кубиктер. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. Ой қозғау. Біздің ауылымыз (қаламыз) қалай аталады? Өздерің тұратын көшені атаңдар? Біздің балабақшамыз қай көшеде орналасқан ? Сыни ойлау, бала үні, жанана бақылау. Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт.Білемеспектен хат келеді. Балалардан көмек сұрайды. Балалар мен өз көшемді таба алмай адасып кеттім, енді үйіме қалай барам, көмектесіңдерші. Балалар көмектесуге дайын екенің айтады. Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету. түсіндіру. Үлгіні талдау Балалардың өз бетінше жұмысы. Жананама бақылау, сыни ойлау, креативтілік, бала үні. Саусақ жаттығуы	1.Жапсыру. Тақырыбы:Менің көшем Ресурстар: дидактикалық материалдар. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы. Көңілді шеңбер «»Гүл шоғы. Ой қозғау. -Өздері тұратын көшенің атауын білесіңдер ме? -Ал біздің балабақшамыз орналасқан көше қалай аталатынын білеміз бе? Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. Балалар, үйлерді кімдер салады? Балалар сендер бүгін құрлысы болып әдемі үйлер тұрғызасыңдар. Топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. Балаларды екі топқа бөліп отырғырғызу. Үлгі көрсету, түсіндіру. көп қабатты және бір қабатты үйдің жасалу жолы көрсету. Үлкен тіктөрбұрышты қиямыз (үйдің қабырғасы). 2. Үшбұрышты қиямыз (үйдің шатыры). 3. Шаршыларды қиямыз (үйдің терезесі). Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы 1-топ көп қабатты үйлер 2- топ бір қабатты үйлер бойынша жұмыс жасайды.	1. Көркем әдебиет Тақырыбы:Менің сүйікті ауылым. Ресурстар: дидакт материалдар. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Пед жет ойын “Біздің ауыл қандай?” Доппен Біздің ауыл қандай? Ауданымыз қалай аталады? Ауылымызда нелер бар? Балалар, мен сендерді біздің сүйікті ауылымызға экскурсия жасауға шақырамын. Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы. Ой қозғау. Экскурсияға немен біз барамыз? Бірақ автобусқа отырап алдыңда, көліктің ішінде өзін –өзі қалай ұстау керек екенін есімізге алайық. -Автобустың ішінде қалай өзінді ұстау керек айтыңдаршы? Саяхат. АҚТ технологиясымен Бала үні. Аялдама мәдениет үйі -Қалай ойлайсыңдар, балалар, бұл үй не? -Ауыл тұрғындары не үшін мәдениет үйіне келеді? Сыни ойлау, бала үні. 2 аялдама” Орталық саябақ” -Балалар саябақ ауданы не үшін керек? -Бұл жерде не көрсетеді, не болады? Сыни ойлау, бала үні, өнім арқылы саралау.	1 Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Менің мейірімді отбасым. Мақсаты: .Отбасындағы өзара сыйластық қарым – қатынасты, дағдыларын біледі. Оқу қызметінің барысы. Ұйымдастыру. Көтеріліп шаңырақ Уықтары шанышлар Кергелер керіліп, Өрімдей боп өрілер Бәріміз жүрсек айналып, Киіз болып көрінер -Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық? -Ал, киіз үйде кім тұрады? -Оларды бір сөзбен қалай Атаймыз Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Балаларды мадақтау. Мига шабул әдісі Пед жет ойын: «Сиқырлы микорфон» 1.Ол өте мейірімді, ақ шашты, көзінің айналасында ұсақ әжімдері бар, сендерге жылы қолғап тоқиды, ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып береді. Бұл кім? - Оны қалай білдіңдер? - Ал сендердің әжселерің қандай ? Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни

Өткенді еске түсіру. 1- тапсырма. Балалар сендер қандай цифрмен таныстыңдар. Бала үні. -Мына сандар ішінен 1 санын бояңдар. Креативтілік, сыни ойлау. Қоян мен тасбақа: Пед жет ойын: «Пальмаға кім бірінші жетеді?»  – Сендер қалай ойлайсыңдар, не бірінші жетуі мүмкін? –Неге қоян бірінші жетеді деп ойлайсыңдар? «Жылдам – баяу» сөздеріне түсінік беру. Өнім арқылы саралу, сыни ойлау, блум таксономиясы, бала үні. Топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. 3-топқа тапсырма беру. 1 санын әртүрлі тәсілмен жазу 1 топ: Сіріңкемен 1 санын жазу 2 топ: Таяқшамен 1 санын жазу 3 топ: Ермексаздан 1 санын жазу Сыни ойлау, бала үні, креативтілік дағды, жанама бақылау. Сергіту сәті. Қане балалар, тұрамыз, (мәтінге сәйкес іс-әрекеттер жасау) Бойымызды жазамыз. Балықтарға ұқсап біз,	Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орайды, Жүгірмеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмыстарын қорытындылап, бағалау. Білмеспек қуанып,рахмет айтып қоштасады. Қорытынды. Балаларды мадақтау.	Қауіпсіздік ережелерін және тазалық шараларын ескерту. Жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөлу. Тікелей бақылау, бала үні Сыни ойлау, креативтілік дағды. Сергіту сәті. Қолға, алып шарды, Үрлеймін мен былай. Уф-ф-ф, Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмыстарын бағалау, қорытындылау 2 топ екі көшенің үйлерін салыстырады, әрқайсысы өз ойларын айтады. Бала үні. Қортынды Еркін ойын «Менің көшем» (Воскобовичтің дамытушы ойындары) 2.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша	3 аялдама "Өрт сөндіру бөлімі" Балалар, бұл ғимарат не үшін қажет? -Мында кім жұмыс істейді? -Өрт сөндірушілер не істейді? Сыни ойлау, бала үні, мазмұн арқылы саралу. Сергіту сәті Жаттығулар жасаймыз, Жақсы сергіп қаламыз. Біздер тату баламыз, Отанды біз сүйеміз 5 аялдама "Емхана" Міне біздің келесі аялдамамыз "Емхана" Бұл ғимарат не істейді? Мынау тұрған көлік,қандай көлік? Ол не үшін керек? - Қане,бізде,кішкене уақытқа, дәрігер бола тұрайық. Өзімізге массаж жасайық. Пед жет дұмыс. "Нүктелі массаж" Тамақ ауырмау үшін,біз оны сипаймыз Жөтелмеу үшін,мұрынды уқалаймыз Маңдайын да уқалаймыз Құлағынды уқалаймыз Білеміз біз бәріміз Біз ауырудан қорқпаймыз Жанама бақылау, блум таксономиясы. 6 аялдама Балабақшамамыз -Балалар, міне біз өзіміздің сүйікті балабақшамамызға да келіп жеттік -Сендер балабақшаны жақсы көресіңдер ме? -Балабақшада не істейсіңдер? -Қандай қызық нәрселер болады бұнда? -Балалар, міне біздің Бадамша ауылына саяхатымыз аяқталды -Сендерге саяхатымыз ұнады	ойлау, бала үні. 2.Ол көзілдірік киеді, көп кітаптар оқиды, көптеген қызықты тарихи оқиғаларды біледі. Ол әжеге көмектеседі, зейнетақы алады, немерелеріне қарайласады. - Кім бұл? - Ал сендердің аталарың қандай? Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. 3.Оны жер бетіндегі ең бірінші, ең әдемі сөзбен атайды. Ол сен үшін ең қымбат адам. Сендер ауырсаңдар түн ұйқысын төрт бөлетін адам -Бұл жұмбақ кім туралы? Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. 4.-Сендер өздеріңнің аналарыңды қандай мейірімді сөзбен атайсыңдар? -Аналарың сендерді қалай еркелетеді? - Және соңғы жұмбақ.. Ол салмақты да, байсалды, барлық бос уақытын сендермен өткізеді: сендерді циркке апарады, демалыс кезінде барлық отбасын табиғатқа алып шығады. -Бұл кім? Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, ыни ойлау, бала үні. Балаларды мадақтау. Сергіту сәті Іліп оңға бір, иіліп солға бір,
--	---	--	---	--

	Жүзіп-жүзіп аламыз. Құрлымдалған ойын: «Пішіндерді ажырату» Шарты: Геометриялық пішіндерді сипаттау, салыстыру Екі бала шығып үшбұрыш пішінді, басқада пішіндердің ішінен табу керек.  Қорытынды. - Біз қандай санмен таныстық? - Кім өз денесімен 1 санын көрсете алады? Сыни ойлау, бала үні, креативтілік. - Балалар Бураатино сендерге өте разы болып рахмет айтып жатыр. Мадақтау . 2Музыка Педагог жоспары бойынша 3. В.К «Ғажайып тастар сыры» Тақырыбы: «Таразы» Әдіс тәсілі: 1.Дид.ойын «Бұл не ?» (құрылымдалған ойын) 2.Сұрақ-жауап бала үні 3.Бағалау күлегештермен .			ма? Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні Құрлымдалған ойын: «Ауыл» Шарты: Суреттердан ауыл көрінісін құрастыру. Командамен жұмыс, креативтілік, сыни ойлау, бала үні. Қорытынды Сұрақтар ілмегі арқылы қорытынды жасау. Бүгін біз қайда болдық? Экскурсияға немен бардық ? 2.В.К «Әсем бояулар» Тақырыбы: «Іздер» Әдіс тәсілдері: 1.Компазициямен жұмыс жұмыс 4к креативтілік, топтықжұмыс 2.Сұрақ-жауап Бала үні 3.Бағалау көңілді күлегештермен 3.Музыка маман жоспары бойынша 4.Жаратылыстану. Тақырыбы: Көшеде өзін ұстау. Ресурстар: АКТ, бағдаршама, бояу,қиылған жол белгілері. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. 1.Балаларды ұйымдастыру.. 2. Мига шабул .Жұмбақ жасыру. Сөйлеуді ол білмейді. Бірақ тоқта жүр дейді. Бұл не екен балалар? Балалардың жауаптары. -Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек? -Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай? -Бағдаршамның көздеріні қызметін айтып беріңізші.	Жаттығу жасаймын. Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Құрлымдалған ойын: «Бақыт ағашы» Шарты: Отбасы мүшелерінің суретін ретімен ағашқа жапсырады. (әр балаға жеткілікті ағаш суреті, қиылған отбасы мүшелерінің суреттері) 4К моделі, бала үні. Қорытынды Балалар, біз бүгін кімдер туралы білдік? Сонда отбасы деген не? Балаларды мадақтау 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біз тұратын көше Ресурстар: АКТ технол, дидакт материалдар. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы. Ұйымдастыру кезеңі. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күзде ауа райы қандай болады? Күзде қандай құбылыстар болатынын көрсетейік. Жаңбыр жауады тық-тық-тық Сен далаға шық-шық-шық Жел соғады гу-гу-гу Жапырақ ұшады ду-ду-ду Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні, жанама бақылау. АКТ технологиясы.
--	--	--	--	--	--

				Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз? Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы туралы біледі екенсіңдер, енді жол белгілері туралы әңгімелесеміз. Сыни ойлау, бала үні, блум таксономиясы 3.Ой дамыту Суретпен жұмыс. Көліктер қайда жүр? Жолда қалай жүру керек? Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты не дейді? - Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз? -Енді мына белгілерге қараңдаршы, мынау ненің суреті? -Егер телефонның суреті салынған белгі тұрса ол нені білдіреді? -Мынау медициналық көмек пунктiнiң белгiсi. Автобустың суретi салынған белгiнi көрсендер, ол «автобус тоқтайтын аялдама бар» дегендi бiлдiредi екен.Балаларға жол белгілері, жол қиылысы, көлік жолы, жаяу жүргіншілер жолы туралы ақпарат беру Пед жет ойын: «Бағдаршам» Шарты: Жолдан қалай өту керек екенін көрсету. Құрлымдалған ойын «Сақ бол!» Шарты: Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру) Сары көзін жағады. (қол шапалақтау) Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру). Балалар ойынды қызыға ойнады. 5. Ой қозғау Сұрақ- жауап Үлкен жолда доп ойнауға,	Балалар ,қане бәріміз Әли мен Айяның мекен-жайы туралы мультфильмді қарау Ой қозғау. Әли мен Айя қандай көшеде тұрады екен? Балалар өз көшелерін қалай тазалап жатыр? Үдеріс арқылы саралу, бала үні, сыни ойлау. Пед жет ойын: «Менің көшем» Шарты: өзі тұратын мекен-жайы, көшесі турлы әңгімелеп беру. Дыбыстық жаттығу: Ше- ше- көше ең-ең- кең, ар-ар- тар, зын-зын- ұзын қа-қа-қысқа Сергіту сәті Шаршамаймыз ешқашан Демаламыз бой жазып. Жүгіреміз, секіреміз Көңілденіп, ән салып. Құрлымдалған ойын: «Көшедегі әр-түрлі көліктер »Шарты: Суреттер құрастыру. Қорытынды. Балаларға жұлдызша беру арқылы мадақтау. 3.Дене шынықтыру маман жоспары бойыншае
--	--	--	--	---	--

				велосипедпен көшеде жүруге бола ма? -Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма? Балалардың жауаптары. Оқу ортасы арқылы саралу. Жанама бақылау. Балаларды мадақтау.	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №2 Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелеу. Еңбек: Шашылған жапырақтарды жинау, топқа апарып кептіру Балалармен жеке жұмыс: Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтайма?» Мақсаты: Ағаштарды бақылай отырып, ертегіге қызығушылықтарын арттыру. Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, байқампаздыққа үйрету. Көркем сөз: Қарай бер, Санай бер Бояуы жүз , Келді күз 4К моделі, бала үні.	Картотека №3 Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтыласын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірма» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Ойын барысы: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын	Картотека №4 Бақылау: Ауа- райының салқындауын бақылау. Мақсаты: Балаларға ауа – райы туралы мәлімет беру. жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Жеке жұмыс: Өлең оқу. Күзім-ау күзім –ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық –ау. Еңбек: Құмдағы ойыншықтарын жинастыру. Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу. Қимылды ойын: Мысық пен тышқан. Мақсаты: балаларды шапшаңдылыққа баулу Дербес ойындар: 1.Әткеншек тебу. 2.Ирек жолмен жүру. 4К моделі, бала үні.	Картотека №8 «Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау» Мақсаты: Күзде тырнарлардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек: жерге түскен жапырақтарды жинау. Үлкендерге көмектесуге үйрету. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырнарлар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?» Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім-кию үлгісін көрсете түсіндіру. Дербес ойындар: «Тәтті тоқаштар» пісірейік «Мені қуып жет» 4К моделі, бала үні.	Картотека №9 Бақылау: Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау, күзгі жапырақтардың түсуі, оны адамдардың тазартуы туралы түсіндіре отырып, балаларға аула сыпырушы еңбегі туралы айтып білімдерін кеңейту. Жеке жұмыс: мақал-мәтел оқып беру. Кім еңбек етсе-сол тоқ. Еңбексіз өмір-сөнген көмір. Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу Мақсаты: балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: Қояндар мен қасқыр Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру. Шарты: Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау. 4К моделі, бала үні.

		дамыту Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау. 4К моделі, бала үні.			
	Серуен картотекасынан (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу: Мөлдір су Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас					
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№9 1. Ояту Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	№10 1.Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.	№11 1. Ояну Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық	№ 12 1. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз	№13 1.Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.
	Ұйқыдан ояту жаттығу картотекасынан. (Картотека қосымша тігілген)				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін дидактикалық ойын: «Сиқырлы қатшық» Мақсаты: Балалардың ойыншық туралы түсініктері қалыптасады. Күтілетін нәтиже: Ойыншықтардың атауларын атай біледі Еркін ойын: «Кімнің үйі?» Суретті кітапшаларды бояу Жеке баламен жұмыс Ерасылмен Айсұлтанға заттардың түстерін ажыратуға үйрету Еркін ойын Жанама бақылау., 4К моделі, бала үні.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін қимылды ойын:«Ормандағы аю» Мақсаты:Балалар ептілікке, шапшаңдыққа дағдыланады. Күтілетін нәтиже: Балалар өлең мазмұнына сай қимылдар жасай біледі және шапшаң болуды үйренеді Сюжетті-рөлдік ойындар: «Жүргізуші» Мақсаты: Балалар қарым-қатынас дағдыларын меңгереді. Жеке баламен жұмыс О.Қарақатқа күз жайында суреттерге қарап ,әңгімелеуге үйрету Еркін ойын Жанама бақылау. 4К моделі, бала үні.	Құрылымдалған қимылдық ойын: «Кім жылдам» Мақсаты: Балалар шапшаңдыққа, ептілікке дағдыланады. Күтілетін нәтиже: Ойыншықтардың атауын атап, жылдам орнына орналастыра біледі. Пед жет ойын:. «Жұмбақты шешейік» Мақсаты:Жұмбақты тез ойланып шешуге үйренеді. Жеке баламен жұмыс Суретке қарап, сол бойынша сипаттама беруді үйрету Бақтиярға Еркін ойын Жанама бақылау. 4К моделі, бала үні.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін қимыл қозғалысты ойын: «Қасқыр мен қояндар» Мақсаты:Балалар шапшаңдыққа,ептілікке үйренеді. Күтілетін нәтиже: Балалар ойынды ойнай алады 4 к моделі, бала үні Жеке баламен жұмыс Педагог жоспары бойынша Мұслимді сурет бойынша әңгімелеуге дағдыландыру Еркін ойын Жанама бақылау. 4К моделі, бала үні.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін дидактикалық ойын: «Жалғастыр» Мақсаты: Балалар суретке қарап сөйлем құрауға дағдыланады. Күтілетін нәтиже: Суретке қарап сөйлем құрауды біледі Жеке баламен жұмыс Затты ұстап сезу , иісінен сезу арқылы анықтауды үйрету Адияны Еркін ойын Жанама бақылау. 4К моделі, бала үні.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				

Серуен	Картотека №2 Күзгі жапырақтарды бақылау. <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека № 3 Жәндіктерді бақылау. <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека №4 Ауа- райының салқындауын бақылау <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека №8 «Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау» <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека №9 Аула сыпырушының еңбегін бақылау. <i>4К моделі, бала үні.</i>
	Серуен картотекасынан (картотека қосымша тігілген)				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	«Қозғалыс және денсаулық» Ақыл – кеңес дене шынықтыру жетекшісі	Мақал-мәтелдер айту. «Кіші үлкенмен керіспес». «Ана баулыған бала епті, Әке баулыған бала есті	«Жаңхұядағы тәрбиенің ерекшелігі» ақыл-кеңес психолог	«Демалысты тиімді өткізейік» пікір алмасу психолог

ЦИКЛОГРАММА
III апта 11-15 Қазан айы 2020ж.
«Ақбота» ересек тобы

Өтпелі тақырып « Менің отбасым»
Тақырыпша. «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.Таным Математика негіздері-1 2. Шығармашылық Музыка -0.5(2/4) 3. В.К Ғажайып тастар сыры -1	Сейсенбі 1. Денсаулық Дене шынықтыру-1 2. Қатынас Орыс тілі-0.5(1/3) 3. Шығармашылық Сурет салу-1	Сәрсенбі 1. Шығармашылық Жапсыру-0,5 (2/4) Мүсіндеу-0,5 (1/3) 2. Денсаулық Дене шынықтыру-1	Бейсенбі 1. Қатынас Көркем әдебиет-1 2. В.К «Әсем бояулар-1» 3. Шығармашылық Музыка-1 4. Таным Жаратылыстану-1	Жұма 1. Таным Құрастыру-0.5 (1/3) 2. Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0.5 (2/4) 3. Қатынас Сөйлеуді дамыту-1 4. Денсаулық Дене шынықтыру-1
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №2 Құрлымдалған ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» Мақсаты: Түстерді айырып, топтай алады. 4К моделі, бала үні	Картотека №3 Құрлымдалған ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдері туралы және мезгілдерінің атауларын (қыс, көктем, жаз, күз) атай алады. 4К моделі, бала үні	Картотека № 4 Құрлымдалған ойын: «Заттық фриздер» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы өз ойын айта алады. 4К моделі, бала үні	Картотека №7 Құрлымдалған ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде айта отырып, диқанишылардың еңбегін құрметтеуді біледі. 4К моделі, бала үні	Картотека №9 Құрлымдалған ойын: «Үй жануарлары» Мақсаты: Балалар үй жануарлары мен төлдерін ажыра біледі. олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін айта алады. 4К моделі, бала үні
Таңертеңгі гимнастика	Қазан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені № 6/құралсыз, сылдырмақпен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру. Табанмен қалыпты, жұмсақ жүру. Шеңбер бойы тұру, арақашықтықты сақтау Негізгі бөлім: Б.қ.: «Құстар ұшты» 1. Аяқты алашақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чип- чирик» деп айту. Б.қ.: «Мотор» 2. Аяқты алашақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /6 рет/ Б.қ.: «Гүлдің ашылуы» 3. Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу. /6- рет/ Б. қ.: «көңілді пингвин»				

Бекітілген

	4. Өкишелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру. /10-15секунд/ Тыныс алу жаттығулары: «Ботқа пісты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Қорытынды: Шеңбер бойы маршпен жүру. «Құлыңшақ» - тізені жоғары көтере жүгіру. Бастанқы қалыпқа келу.				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» бала үні. Ас құрамымен таныстыру .				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау				
Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастыр ылған оқу қызмет-тері	1. Математика негіздері Тақырыбы. 2 саны мен цифры. Қысқа – ұзын. Мақсаты : 2 цифрмен таныса отырып; «ұзын, қысқа, тар, кең» және«дөңгелек» туралы ұғымдарын түсінеді. Ресурстар: 2 санының картотчкалары, дидак матер Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? - Күз айларын атап айтайықшы? Сыни ойлау, бала үні. Өткен оқу қызметін балалардың естеріне түсіру - Балалар, біз өткен оқу қызметінде қандай санмен таныстық? (Бір). - Маған столдың үстінен сол бір санының цифрын кім тауып көрсетеді? Мазмұн арқылы саралау, бала үні. Тақтамен жұмыс. Балалар, бүгін біз бір санының көршісімен танысамыз, одан бұрын мына суретке көңіл бөлейік. 1-мысал. Пед жет ойын: «Алмаларды санаймыз»	1Дене шынықтыру маман жоспары бойынша 2.Орыс тілі маман жоспары бойынша 2.Сурет салу Тақырыбы: Бағдаршам (Заттық сурет салу) Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрлі сурет салудың техника-сын меңгереді. Ұйымдастыру кезеңі Балалар, шаттық шеңбер жасап, бір-бірімізге жылы лебімізді білдірейік. -Әрқашанда әдемі болайық! -Күніміз жарық болсын! -Балабақшамамыз жайнай берсін! -Бәріміз дос болайық! Мига шабул Пед жет ойын: «Кім жылдам?» Жұмбақ жасыру. Жоқ өзінде бас та, құлақта, ауызда, Бақырайған үш көзі бар бырақта. (бағдаршам) Ой қозғау	1.Мүсіндеу Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды мүсіндеуді біледі. Ресурстар: Ермексаз,бағдаршам суреті. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Психологиялық сәт. Музыкамен дем алу Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Аю келеді. Жолдан қалай өтуді білмейді. Балалардан көмек сұрайды. Олай болса жол ережесі, бағдаршам туралы түсінік берейік. Ой дамыту. АҚТ технологиясы. Слайд арқылы аюға түсінік беру. Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Біздер жолға шығайық.	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бағдаршам» өлеңі. С.Дүкенбай. Мақсаты: Өлеңді түсініп, есте сақтауға жүйелілігін сақтауға үйренеді. Ресурстар: Бағдаршам суреті. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы. Ой қозғау. Балалар сендер қалай ойлайсыңдар көшеде жүру тәртібін не басқарады? Бала үні. Суретпен жұмыс. Пед жет ойын «Бағдаршам көздері» Балалар қараңдаршы бағдаршамның неше көзі бар? Ал, түстері қандай? Қызыл, сары, жасыл түстер нені білдіреді? Ал, балалар сендер жиек жол деген не екенін білесіңдер ме? Ол не үшін қажет? Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, блум таксономиясы, бала үні. Бағдаршам өлеңі Бұл өлеңнің авторы–С.Дүкенбай. Бағдаршам біледі, Бәрін де көреді.	1.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Жолда жүру ережесі. Мақсаты: Көлік түрлері, жол туралы түсінеді. Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы біледі. Ресурстар: Жол жүру ережесінің суреті. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Үш көзі бар қаз - қатар Кезек – кезек ашады Үшеуінен байқасым Үш түсті нұр шашады Бұл не? Жұмбақтың шешуі бойынша бағдаршам туралы қысқа түсінік беру. Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Пішіндер арқылы топқа

	- Тақтада қанша алма бар? (Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қосады) - Енді қанша алма болды? - Балалар, бір алмаға және бір алма қостық. Содан неше алма шықты. Сыни ойлау, бала үні. 2-мысал. Пед жет ойын: «Ара» Омартаның қасында бір ара ұшып жүрді, біраз уақыттан кейін тағы бір ара ұшып келді, нешеу болды? Сыни ойлау, бала үні. Дұрыс, екеу болды. Сонымен екі санының таңбасымен танысайық (көрсету) Қараңдаршы 2 – саны неге 22 ұқсайды? Дұрыс, аққу құсының мойнына ұқсайды. Санау ретімен таныстыру: Тура және кері санау 1,2 Солдан оңға қарай санау – тура Оңнан солға қарай санау – кері Сонымен екі саны бір санынан кейін тұрып, «көршісі» деп аталады Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық (мәтінге сәйкес іс-қимылдар жасау) Қолымызды жаяйық. Қарлығашқа ұқсайық Ұшып, ұшып алайық. Миға шабул: Логикалық тапсырмалар орындау. 1. Торғайларды санайық Ағашта 2 торғай қонып тұр еді, Ала мысықты көріп 1 торғай ұшып кетті Ағашта қанша торғай қалды?	Сұрақ жасау. Бағдаршамның неше көзі бар? Бағдаршамның көздері қандай пішіндерге ұқсас? - Қане бәріміз ауада дөңгелек пішінді салайық. Сыни ойлау, бала үні. Түстер арқылы топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. Сурет салудың әдіс тәілдерін көрсету, түсіндіру. 1-топ бағдаршамның пішіндерін мақталы таяқшалармен бояйды. 2-топ түрлі түсті карандашпен сурет салады. Жеке көмек. Сыни ойлау, өнім арқылы саралау, креативтілік, бала үні. Құрлымдалған ойын: «Көрме» Балалардың жұмыстарын бағалау, қорытындылау. Галерия шаралау әдісі Екі топ бір бірін бағалайды. Бес саусақ әдісі арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау.	Ұзын,қысқа жолдарды Біліп біздер алайық. Құрлымдалған ойын: ойын «Бағдаршам» Шарты: Балаларға үш түсті дөңгелектер беріледі. Балалар сол дөңгелектердің түстер-ін дұрыс тауып бағдар-шам құрастырады. Ой дамыту. Балалар аю бағдаршам түстерін ұмытып қаламау үшін бағдар-шам мүсіндеп берейік. Мүсіндеудің орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Балалардың өз бетінше жұмысы. Жанама бақылау, сыни ойлау, креативтілік, бала үні. Пед жет ойын: «Көрме» Шарты: балалардың жұмысын бағалау, қорытындылау. Жолдан өтуге көмектесуге Аюға бағдаршамды беру, Қорытынды. Балаларды бағдаршамның көздері бойынша бағалау (қызыл – төмен, сары – жақсы, жасыл – өте жақсы). 2.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша	Адам да, көлік те, Сол шаммен жүреді. Бағдаршам, бағдаршам. Бір қадам әдісі арқылы жаттау. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға бір, солға бір, Бір отырып, бір тұрып. Бойымызды жазайық. Құрлымдалған қимылды ойын: «Бағдаршам» Ойынның шарты: бағдаршамның қызыл көзі жанғанда балалар түп-түзу тұрады, сары көзі жанғанда қол шапалақтайды, жасыл көзі жанғанда билейді. Қорытынды. Сұрақтар ілмегі Балаларды мадақтау 2.В.К «Әсем бояулар» Тақырыбы: «Аспан әлемі көріністері» Әдіс тәсілдері: 1.Суретпен жұмыс 4к креативтілік,топтықжұмыс 2.Сұрақ-жауап Бала үні 3.Бағалау көңілді күлегештермен 3. Музыка маман жоспары бойынша 4.Жаратылыстану Тақырыбы: Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері Мақсаты: Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінеді. Ресурстар: АҚТ технология, хат,сауысқан беттерде,әр түрлі саңырауқұлақтар, өсімдіктер және жәндіктер суреттері,желім. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.	бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. 1-топ Үшбұрыштар тобы бағдаршам туралы түсінік береді. 2-топ Дөңгелектер тобы жол ережесі туралы айтады. 3-Шаршы тобы көшеде қалай жүру тәртібі туралы түсінік береді. Сыни ойлау, бала үні Құрлымдалған ойын: «Дұрыс, дұрыс емес» Шарты: Суреттегі қойылған жол белгілері, бағдаршам көздерінің дұрыс емес жерлерін дұрыстау. Ә. Табылдиевтің «Бағдаршам» өлеңі Қызыл көзін ашқанда, аяғынды баспа алға. Сары көзін ашқанда, қарап қалма аспанға. Жасыл көзін ашқанда, жүре бергін жасқанба. Бір қадам әдісі бойынша қайталау. Бала үні. Қорытынды 3-топты мадақтап жұлдызшалар тарату. 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Әйгерім дастарханды әзірлеп жатыр Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Заттарды және олардың тұрған орнын аңықтауды біледі. Ресурстар: АҚТ технологиясы, дид материалдар, ыдыстар Әдіс-тәсілі: 4К моделі,
--	--	---	--	---	--

	2 . Мирастын өзінде 1 алма болды, әжесі оған базардаң 1 алма сатып әперді Мираста қанша алма болды? 3. Кірпі орманда өзіне 2 санырауқұлақты теріп алды. 1 санырауқұлақты тиінге сыйлайды Кірпіде қанша саңырауқұлақ қалды? 4. Адамда неше көз бар?(2) Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні, жалтылама сұрақ қою арқылы бақылау. Суретпен жұмыс. Құрлымдалған ойын: «Салыстыру» - Балалардың суреті. Қане, кім айтады? Кімнің бойы ұзын екен . Мынау нелер?- Жолдар. Мынау қандай жол? - Ұзын жол. Ал, мына жол қандай? - Қысқа жол. Мынау нелер? -Жылан және жұлдызқұрт -Қане қарайыңшы қайсысы ұзын? Сыни ойлау, бала үні, өнім арқылы саралау. Қорытынды. Біз бүгін қай санмен таныстық? Балалар жарайсындар логикалық есептерді жаксы орындадыңдар. Балаларды мадақтау 2.В.К «Ғажайып тастар сыры» Тақырыбы: «Жылы және суық» Әдіс тәсілі: 1.Дид.ойын «Бұл қандай?» (құрылымдалған ойын) 2.Сұрақ-жауап бала үні 3.Бағалау күлегештермен			ҰОҚ өтілу барысы 1.Мнемотехника әдісімен Күз мезгілін сипаттау. 2. Тосын сәт. Сауысқан хат әкеледі. Бұл хатты ормандағы балалар жазыпты. Олар орманнан саңырауқұлақтар теріп, саңырауқұлақтың қайсысын жеуге болатынын білмейді екен. Сол себепті сендерден көмек сұрап хат жазыпты. Көмектесу үшін орманға барайық. 4.Орманға саяхат. АҚТ тех бойынша -Балалар, орманда табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек? -Қандай жәндіктерден абай болу керек? -Осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеу керек? -Болған жағдайда не істеу керек? Мысалы,оттың лаулап жанып жатқанын көрдіңдер немесе кене шағып алды,бұндай жағдайда не істеу керек? -Тағы да қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлауғ бала үні. Сергіту сәті. Саңырауқұлақ болайық, Тізе бүгіп отырайық. Жаңбыр жауса көтеріліп, Өсіп-өсіп алайық. Пед жет жұмыс. Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері: 1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал! 3. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі 2.Ағаштарды кеспе, бұтағын	бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? -Жыл мезгілдерін атап беріңіздерші. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күзде ауа-райы қандай болады? -Адамдар қалай киінеді? -Күзде не жауады? Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні, сыни ойлау. Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт: Әйгерім қуыриақ келеді. Балалардан көмек сұрайды. Әйгерім қуыриаққа достары келеді екен, соларға дастарқан әзірлегісі келеді. Бірақ, ол ыдыстарды білмейді екен. Әйгерімге дастарқан әзірлеуге көмектесеміз бе? Бала үні. Ой дамыту. АКТ технологиясы. Балаларға слайд көрсету арқылы ыдыстармен таныстыру. Үдеріс арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау. Ыдыстардың не үшін керек? Құрлымдалған ойын: «Дастархан әзірлейміз» Шарты: Балаларға ыдыстарды атама отырып, дастарқан әзірлету. Ол ыдыстарға не салатындарын ататқызу. Ыдыстарды күтіп
--	--	--	--	---	---

	3.Музыка маман жоспары бойынша			сыйдырма! 3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса! 4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет! 5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма! Блум таксономиясы,сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. АҚТ слайд. Саңырауқұлақтар туралы түсінік беру. Құрлымдалған ойын: «Саңырауқұлақтар» Шарты: Суреттегі саңырауқұлақтардың жарамды түрлерін қызыл себетке, жарамсыз түрлерін сары себетке салу. Сыни ойлау, бала үні. 7.Балабақшаға оралу Сұрақтар ілмегі. Балаларды мадақтау. Жұлдышалар беру.	ұстауды үйрету. Сыни ойлау, бала үні. Пед жет ойын: «Дастарханды сипатта» Шарты: Дастархандағы тағамдарды қоса отырып, сөйлем құрау. Сыни ойлау, бала үні. Сергіту сәті: Құрлымдалған үстел үсті ойыны: «Суретті құрастыр» Мозаикадан ыдыстарды құрастыра отырып, саусақ моторикасын дамыту. Креативтілік, сыни ойлау, бала үні. Қорытынды. Әйгерім қуыршақ сіздерге рахмет айтып жатыр. Әйгерім қуыршақпен қоштасу. Балалар, бүгін нелер туралы айттық? Қандай ыдыстармен таныстыңдар? -Балалар, біз кімге көмектестік? Мадақтау 3.Музыка маман жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №1 1.Бақылау: Күзгі жаңбырды бақылау. Мақсаты: Күзгі жаңбырдың, жазғы жаңбырдан айырмашылығын айту. Жазғы жаңбыр жылы, күзгі жаңбыр суық, тез жаурайтынымызды әңгімелеу. 2.Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ айтқызу. Ж. Смаков	Картотека №2 Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелеу. Еңбек: Шашылған жапырақтарды жинау, топқа апарып кептіру Балалармен жеке жұмыс:	Картотека №3 Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.	Картотека №4 Бақылау: Ауа- райының салқындауын бақылау. Мақсаты: Балаларға ауа –райы туралы мәлімет беру. жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киюі туралы түсінік қалыптастыру. Жеке жұмыс: Өлең оқу. Күзім-ау күзім –ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық –ау.	Картотека №5 Бақылау: ұшып жүрген құстарды бақылау. Мақсаты: Балаларға құс немен қоректенеді, қандай пайдасы бар туралы түсінік беру. Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Жеке жұмыс: жаңылтпаш

	«Жау, жаңбыр» Жаңбыр , жаңбыр жауасын, Жанымызға дауасын. 3.Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балалардың көңіл күйлерін көтеру, шапшаңдыққа тәрбиелеу. 4.Көркем сөз: Біз ойнайтын ауланың Тазартасын ауасын 5.Еңбек: Киім шкафтарын, аяқ киім сөресін реттеу. 4К моделі, бала үні.	Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтайма?» Мақсаты: Ағаштарды бақылай отырып, ертегіге қызығушылықтарын арттыру. Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, байқампаздыққа үйрету. Көркем сөз: Қарай бер, Санай бер Бояуы жүз , Келді күз	Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: «Сұға түкірме «, «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылдық ойын: «Ақ қоян» Ойын барысы: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл- қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүргізу дағдыларын дамыту Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау.	Еңбек: Құмдағы ойыншықтарын жасинастыру. Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу. Қимылды ойын: Мысық пен тышқан. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу Дербес ойындар: 1.Әткеншек тебу. 2.Ирек жолмен жүру.	жаттау. Ұшты-ұшты кім ұшты, Ұшты –ұшты құс ұшты. Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: “Аққу-Қаздар” Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Дербес ойындар: 1.Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу. Тренинг: «Құс болып ұшайық».
	Серуен картотекасынан (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Жаттығу кешені №6 Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. 4К моделі, бала үні.	Жаттығу кешені №7 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. 4К моделі, бала үні.	Жаттығу кешені №8 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашайық Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық 4К моделі, бала үні.	Жаттығу кешені №9 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық 4К моделі, бала үні.	Жаттығу кешені №10 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық 4К моделі, бала үні.

	Ұйқыдан ояту жаттығу кешені картотекасынан (картотека қосымша тігілген)				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Құрылымдалған сюжетті ролді ойын «Шалқан» ертегісі Мақсаты: Балалар ертегі кейіпкерлерін сомдауға дағдыланады Күтілетін нәтиже: Өздеріне берілген ертегі кейіпкерлерін сомдай алады. Жеке баламен жұмыс .Үйде, көшеде, қоғамдық орындарда қауіпсіздіктің кейбір ережелерін Нұрисламға айтып түсіндіру Еркін ойын Жанама бақылау., 4К моделі, бала үні.	Педагог жетекшілігімен ойын «Қуырышақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей өлшемдерді түсінеді. Күтілетін нәтиже: Ойын арқылы геометриялық ұғымдарды үйренеді. Жеке баламен жұмыс ана тіліндегі барлық дыбыстарды Ерасылға үйрету Еркін ойын Жанама бақылау., 4К моделі, бала үні.	Құрылымдалған ойыны «Телефон» Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді.Сөздік қоры дамиды. Күтілетін нәтиже: Балалар ойынды ойнай отырып, қарым-қатынас дағдыларын түсінеді. Жеке баламен жұмыс Адия мен Алисұлтанға бояулардыА таңдай білуді және күздің суретін дұрыс бояуды үйрету.Еркін ойын Жанама бақылау., 4К моделі, бала үні.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін қимылды ойын «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Баллардың қасқыр мен қоян туралы түсініктері қалыпта сады. Епті және шапшаң болуға тырысады. Күтілетін нәтиже: Балалар өлең мазмұнына сай қасқыр мен қоян қимылдарын жасай алады. Жеке баламен жұмыс Ерасылмен Талаптанға заттардың түстерін ажыратуға үйрету Еркін ойын Жанама бақылау., 4К моделі, бала үні.	Құрылымдалған қимыл-қозғалыс ойыны: «Автомобиль мен торғайлар» Мақсаты: Балалар жүру мен жүгіру және секіруге дағдыланады Күтілетін нәтиже: Балалар әр түрлі бағытта және әртүрлі секірудің түрлерін үйренеді. Жеке баламен жұмыс Ибрахимге 1-ден 4- ке дейінгі сандарды үйрету Еркін ойын Жанама бақылау., 4К моделі, бала үні.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Картотека №1 Күзгі жаңбырды бақылау. 4К моделі, бала үні.	Картотека №2 Күзгі жапырақтарды бақылау. 4К моделі, бала үні.	Картотека № 3 Жәндіктерді бақылау. 4К моделі, бала үні.	Картотека №4 Ауа- райының салқындауын бақылау. 4К моделі, бала үні.	Картотека №5 Ұшып жүрген құстарды бақылау. 4К моделі, бала үні.
	Серуен картотекасынан (картотека қосымша тігілген)				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Консультация для родителей: «Осень » выучить стихи наизусть орыс тілі жетекшісі	Дене шынықтыру оқу қызметіне спорттық киімдерін алып келуін ескерту	Көрмеге табиғи материалдардан баламен бірге отырып,заттар жасап әкелу	Күз туралы тақпақтарын жатқа айтқызу

Бекітілген

ЦИКЛОГРАММА
ІУ апта 18-22 қазан айы 2020ж.
«Ақбота» ересек тобы

Өтпелі тақырып « Менің отбасым»
Тақырыпша. «Алтын күз»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.Таным Математика негіздері-1 2.Шығармашылық Музыка -0.5(2/4) 3. В.К Ғажайып тастар сыры -1	Сейсенбі 1.Денсаулық Дене шынықтыру-1 2.Қатынас Орыс тілі-0.5(1/3) 3.Шығармашылық Сурет салу-1	Сәрсенбі 1.Шығармашылық Жапсыру-0,5 (2/4) Мүсіндеу-0,5 (1/3) 2.Денсаулық Дене шынықтыру-1	Бейсенбі 1.Қатынас Көркем әдебиет-1 2.В.К «Әсем бояулар-1» 3.Шығармашылық Музыка-1 4.Таным Жаратылыстану-1	Жұма 1.Таным Құрастыру-0.5 (1/3) 2.Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0.5 (2/4) 3.Қатынас Сөйлеуді дамыту-1 4.Денсаулық Дене шынықтыру-1
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Құрлымдалған ойын: « Күз белгілері» Шарты: Суреттен күз мезгіліндегі құбылыстарды айырып жинақтай алады. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Заттың атын ата» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы сезімталдығын дамыту 4К моделі, бала үні.	Мнемотехника әдісі «Күздік киімдер» Мақсаты: киім түрлері туралы түсінік беру. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтас-тыруға үйрету 4К моделі, бала үні.	Пед жет ойын: «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты: Төрт мезгіл мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту 4К моделі, бала үні.
Таңертеңгі гимнастика	Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау № 8 /құралсыз, әуенмен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру екі жаққа бұрылып жүру. Шеңбер бойымен жай жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Б.қ.: «Бурадино» ойыны 1. Аяқты ашақ қоямыз, Бурадинаға әдемі мұрын жасаймыз. Бурадино мұрнымен «күн» салады. /5 рет қайталау/ Б.қ.: «Су тасу» 2. Аяқты ашақ қоямыз, жұдырықты түйіп, қолды жанға қою. Оң және сол иықты кезек жоғары көтеру. / 5 рет қайталау/ Б.қ.: «Үлкен- кіші» 3. Аяқты ашақ қоямыз, қолды жанымызда, отырамыз «кіші» деп айту, тұру «үлкен» деп айту. / 6 рет қайталау/ Б.қ.: «Доп тебу» 4. Орнында тұрып, қол белде, аяқты алдыға кезек серпіп секіру. /15-20 секунд/ Тыныс алу жаттығулары: «Ботқа пысты» мұрнымен дем алып, ауыздан демді шығару. «пы-х, пы-х ,пы-х» деп айту. Бастапқы қалыпқа келу.				

	Қорытынды: Шеңбер бойы еркін жүру. «Балапан» - дабыл бойынша затты айнала аяқ ұшымен жүгіру .Маршпен жүру				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.				
Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастыр ылған оқу қызмет-тері	1.Математика негіздері Тақырыбы : 2 саны мен цифры. Жақын – алыс. Мақсаты :2 цифр туралы біледі. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйренеді, «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра отырып, логикалық ойлай алады. Ресурстар: Күз мезгіліне байланысты суреттер.. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы. Психологиялық сәт Армысың алтын күн, Армысың көк аспан. Жылуыма жылу қос, Міне менің қолым, - деп балалар бір-біріне қолдарын ұсынып, жүрек жылуын алақандары арқылы сезінеді. Сұрақтар ілмегі. Қазір жылдың қай мезгілі? Бүгін аптаның қай күні? Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру 1. Далада жүр шапқылап, Керемет, тым саққұлақ. Тек есектен басқада, Оған ұқсар жоқ құлақ. 2. Басы жерге бұғып тұрады, Жап-жасыл сақалы Жерге шығып тұрады Суретпен жұмыс. Суретте неше қоян, неше сәбіз бар екен? Суреттегі	1.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша 2.Сурет салу Тақырыбы:«Күзгі жапырақтар» (Дәстүрден тыс сурет салу) Мақсаты:Күзгі жапырақтар туралы түсінеді. Бастыру әдісі арқылы жапырақ сала алады. Ресурстар: Күз мезгіліне байланысты суреттер. АҚТ технол Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы. Балалар қазір қандай мезгіл? -Күз мезгілінде қандай құбылыстар болады? -Күз бізге не әкеледі? -Күзде ауа райы қандай болады? Бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Топқа түрлі түсті жапырақтар әкелу. Ой қозғау. Сұрақ жауап. Бұл не? Түстері қандай? Балалар айтындаршы жапырақтар бірдей болама әлде әр түрлі болама? -Жапырақтар неге бір біріне ұқсамайды? Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, блум таксономиясы, бала үні Пед жет ойын: «Күзгі ағаш» Балаларға ақ параққа салынған ағаш суретін тарату.	1.Жапсыру. Тақырыбы:Күзгі жапырақтар» (Сюжетті аппликация) Мақсаты: Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын сақтауды біледі. Ресурстар: Күз мезгіліне байланысты суреттер.. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді болып жүрейік! Қазір қай мезгіл? Күз екенін қайдан білдіңдер? Сыни ойлау, бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Кірпі келеді. Амандасу. Кірпі бүгін бізге қызықты суреттер әкелінті. Суретпен жұмыс. Ой қозғау. Кәне суретке қарап көрейік. Балалар бұл суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күзде қандай өзгерістер болады? Ағаштағы жапырақтар-дың түстері қандай? Өнім арқылы саралу, сыни ойлау,Бала үні Кірпі: Балалар маған күзгі жапырақтан гүл шоғын	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күзде» өлеңі. І. Байжұманова. Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсіне отырып, өз түсінігін жүйелі айтып бере алады. Ресурстар: Күз мезгіліне байланысты суреттер. АҚТ технол Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілінің айларын кім мазан айтып береді екен? Сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. АҚТ тех Күз мезгілі туралы түсіндіру. Сұрақ –жауап. Үдеріс арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Байжұманованың «Күзде» өлеңімен таныстыру, мағнасын түсіндіру. Күзде Алма пісіп, алмұрт түсіп, Күзде бақтар жайнайды. Құстар қайтып, қош айтысып, Қимас үнмен сайрайды. Бала үні. Ой қозғау. Сұрақ жауап. Балалар, өлеңде не туралы айтылған? (күз туралы) Құстар қай жаққа ұшып кетеді? (Жылы жаққа). Сыни ойлау, бала үні.	1. Құрастыру Тақырыбы:«Саңырау құлақ» (табиғи материал дармен жұмыс) Мақсаты: Саңырауқұлақ жайлы түсінеді. Саңырауқұлақты табиғи материалдардан жасайды және пішіндерді дұрыс қолдана біледі. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Миға шабул әдісі. Жұмбақ жасыру. Домалақ қалпағым бар, Аппақ- аппақ аяғым бар. Орманда көктемде Өсемін, әрине. /Саңырауқұлақ/ Акт технологиясы. Слайд. Саңырауқұлақ Балаларға саңырауқұлақтар туралы түсінік беру. Тосын сәт. Тиін келеді. Балалардан көмек сұрайды. Балалар тиінге саңырауқұлақ жасап беруге келіседі. Топқа бөлу. Суреттер бойынша

заттарды санату арқылы 2 саны және цифры туралы алған білімдерін бекіту.  Содан соң екі дөңгелек пен 2 цифрын бояуды тапсыру. Ойын: «Жеміс жинаймыз». Мақсаты: суреттегі берілген жемістердің ішінен бүгінгі өткен 2 санына сәйкес келетін жеміс түрлерін қорапқа саламыз. Тура кері санау. 1,2 Сергіту сәті: Бір дегенде тұармыз, Екі, үш, төрт алақанды соғамыз. Оң жаққа бұрылып, сол жаққа бұрылып, Бес дегенде асықпай, Орнымызды табамыз. Дидактикалық ойын: Заттың санымен сәйкестендір.  - Балалар, қараңдаршы ойынышықтар қайда орналасқан? - Сөредегі ойынышықтарға назар аударту. - Қуыршақ машинадан алыс тұр, ал допқа жақын тұр. - Ал зырылдауық жоғарыда тұр, пирамида төменде тұр. - Қараңдаршы, мына кубиктың артында не орналасқан? - Дұрыс айтасыңдар, доп тұр екен. - Ал кубиктың алдында не	Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру. Балалар ен алдымен біз жапырағымызды толық жай сумен сулап аламыз.Сулап алған соң қылқаламен жапрыақ-ты бояйбастаймыз, сонда жапрыағымыз еркеше әдемі болады.. Соң боялған жапырағымызды ағашқа бастырамыз. Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні, креативтілік дағды. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Қорытынды.	жасап бересіңдер ма? Бала үні. Топтық жұмыс. Түрлі түсті жапырақта-рмен топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау, блум таксономиясы. Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету. 1-топ сары түсті жапырақтар түрлі түсті қатты қағазды қиып үлкен жапырақ жапсырады. 2-топ қызыл түсті жапырақтар кіші жапырақтар қиып жапсырады. Жанама бақылау, сыни ойлау, бала үні, креативтілік, жеке көмек. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп- кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмыс-тарын бағалау, қорытындылау. Галерея шаралау әдісі. Балалар бір бірінің жұмыстарын бағалайды. Кірпі балалараға рақмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау 2.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша	Бір қадам әдісі бойынша жаттау. Сергіту сәті: Жаңбыр, жаңбыр жауасың Жанымызға дауасың, Біз ойнайтын ауланың Тазартасың ауасын. Тосын сәт. Телефон шырылдап Білмесбек көмек сұрайды. Білмеспек: Сәлеметсіз бе апай, сәлеметсіңдер ме балалар. Маған мұғалім мына көкөністер мен жемістерді ажыратып алып кел деп тапсырма берген болатын. Ал мен болсам кайсысы көкөніс, қайсысы жеміс екенін айыра алар емеспін. Балалар, өтінемін,сендер маған көмектесесіңдер ме? Балалар көмектесуге келіседі.. Пед жет ойын: «Қайда өседі» Жемістер қайда өседі? (Ағашта) Жемістерді бізге кім атап береді? Көкөністер қайда өседі? (бақшада) Енді көкөніске нелер жсататынын кім айтып береді? Сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау Құрлымдалған ойын: «Көкөніс пе,жеміс пе?» Көкөністің суреттерін себетке, ал жемістерді шыны ыдысқа жинайды Сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау Балаларды мадақтау. Жасаған жұмысты суретке түсіріп Білмесбекке жібереді. Сәлден соң телефон шырылдап. Білмесбек балаларға көрсеткен көмегі үшін рахмет айтады. Қорытынды. Сұрақтар ілмегі.	(үлкен-кіші саңырауқұлақтар арқылы) 1-топ жапырақтарды кино арқылы үлкен жапырақтар жапсырады. 2-топ жапырақтардан кіші саңырауқұлақтар жапсырады. Саңырауқұлақты құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз Қорытынды. Дайын жұмыстарың тақтаға әкеліп қояды. Тиін балалардың жұмыстарың мақтайды. Қоштасады және рахмет айтады. Балалардың жұмыстарын мадақтау. 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жыл мезгілі. Күзгі табиғат» (сурет бойынша әңгімелеу). Мақсаты: сурет мазмұнына сәйкес әңгімелеуді үйренеді. Байланыстырып сөйлеу дағдылары дамиды. Ресурстар: Күз мезгіліне байланысты суреттер.. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы. Миза шабул. Пед жет ойын: «Кім
--	--	--	--	---

	<i>тұр?</i> - <i>Машина тұр. Өте жақсы!</i> Қорытынды. <i>Сұрақ- жауап арқылы қорытындылау.</i> <i>Балаларды мадақтау.</i> 2.Музыка <i>Педагог жоспары бойынша</i> 3.В.К <i>«Ғажайып тастар сыры»</i> <i>Тақырыбы: «Батады баппайды»</i> <i>Әдіс тәсілі:</i> 1.Дид.ойын «Кім табады ?» (құрылымдалған ойын) 2.Сұрақ-жауап бала үні 3.Бағалау күлегіштермен			<i>Қай жыл мезгілі туралы әңгімелестік?</i> <i>Білмеспек сендерден қандай көмек сұрады?</i> <i>Балаларды мадақтау</i> 2.В.К <i>Тақырыбы: «Ағаштар»</i> Әдіс тәсілдері: 1.Компазициямен жұмыс жұмыс 4к креативтілік, топтық жұмыс 2.Сұрақ-жауап Бала үні 3.Бағалау көңілді күлегіштермен 3.Музыка маман жоспары бойынша 4.Жаратылыстану <i>Тақырыбы: Алтын күз</i> <i>Мақсаты:</i>Балалардың санасында күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсінік қалыптасады. Ресурстар: Күз мезгіліне байланысты суреттер.. Әдіс-тәсілі: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы. Миза шабул 1.Жұмбақ жасыру. Жапырақты бояды, Атырапты бояды. Бояп-бояп барлығын Сап-сары ғып қояды. (Күз) <i>Бала үні, сыни ойлау.</i> Балалардың білімін нығайту. Тақпақ оқу. Қарашы күз келді, күз келді Жапырақ жауыпты іздерді. Құс біткен керуен тізеді, Қара бұлт қабағын түйеді. Мнемотехника күз мезгілі.	<i>тапқыр?»</i> Жұмбақ жасыру. <i>Жауып жаңбыр,жер сабыр</i> <i>Шөп, жапырақ солады.</i> <i>Бұл қай кезде болады?</i> <i>Бала үні.</i> <i>Ой қозғау.</i> <i>Сұрақ жауап.</i> -<i>Қазір жылдың қай мезгілі ?</i> -<i>Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?</i> -<i>Күз мезгілінде бау-бақшада нелер піседі?</i> <i>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.</i> <i>Ой дамыту.</i> <i>Суретпен жұмыс.</i> Мнемотехника <i>«Күзгі табиғат»</i> <i>Сурет бойынша әңгіме құрап, әңгімеге ат қою.</i> <i>Балаларды тыңдау.</i> <i>Мазмұн арқылы саралау, блум</i> <i>таксономиясы,бала үні, жананама бақылау.</i> <i>Сергіту сәті.</i> <i>Жаңбыр жауып басылды (партаны тырсылдатады)</i> <i>Күннің көзі ашылды. (қолымен көрсетеді)</i> <i>Көкжиекке көрікті, Кемпірқосақ асылды (қолымен дөңес сызық көрсету)</i> <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Жеміс пе, көкөніс пе?»</i> Мақсаты: Екі себеттегі жемістер мен көкөністер түрлерін ажыратып, бөліп салуға үйрету;
--	---	--	--	---	--

				 Сұрақ жауап. -Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Күзде жапырақтардың түсі қандай болады? -Құстар қай жаққа ұшып кетеді? <i>Мазмұн арқылы сараалу, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.</i> 6.Тосын сәт. Күз ханшайымы келеді. Балалармен амандасады. Тапсырма алып келеді. Ресурс арқылы топқа бөлу. (Жапырақтар арқылы 2 топқа бөлу) <i>Оқу ортасы арқылы саралу.</i> Құрлымдалған ойын: «Күз ерекшелігі» <i>Шарты: суреттен күз ерекшеліктерін табу.</i> 1-топ. Сары жапырақтар 2-топ. Жасыл жапырақтар Сары жапырақтар тобына Күздің ерекшеліктерін тауып бер. - Суретте күз мезгіліне байланысты ерекшеліктерді тауып алып, сызықша арқылы көрсет. <i>Сыни ойлау, бала үні</i> 2- Жасыл жапырақтар тобына. Суретпен жұмыс. жыл мезгілінің ішінен күз мезгілін тауып ретімен қою. <i>Сыни ойлау, бала үні</i> 2- тапсырма. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ шешу. 1 - Сары жапырақтар тобына	Олардың пішімін, көлемін, түр түсін салыстыру. Қорытынды. Балаларды мадақтау 3.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша
--	--	--	--	--	---

				1.Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ қашады. «жсел» 2.Ағайынды бәрі Шықса жасыл, Түссе сары «жапырақ» 2 - Жасыл жапырақтар тобына 1.Аспаннан домалап, Көп моншақ төгілді Бусанып жон жонап, Терледі, керілді. «жаңбыр» 2.Көзі жасты жылауық Келе жатыр, бір алып, Жабырқаса, жылайды, Жадыраса құлайды. «Бұлт» 7.Сергіту сәті. Жаңбыр жауды, Тық-тық-тық. Сен көшеге шық-шық-шық. Жел соғады гу-гу-гу, Жапырақтар ұшты ду-ду-ду Құйын тұрды ой-ой-ой Билеп кетті жапырақтар. <i>Пед жет ойын: «Алма ағашы»</i> Сұрақтарға жауап беру арқылы алмаларды себетке жинау. Алтын күзбен қоштасу. 9. «Шапалақ әдісі» арқылы қорытындылау	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	<i>Картотека № 12</i> Бақылау: Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелеу. Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: Шашылған	<i>Картотека №15</i> Бақылау: Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау. Мақсаты: балаларға күз мезгілінде күн салқындау себебінен шөптердің сарғайып, түсуін қадағалау. Жеке жұмыс: балалардың жеке-жеке күз тралы жаттаған тақпақтарын сұрау. Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту.	<i>Картотека №17</i> «Күз көрінісін бақылау» Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаяуы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш	<i>Картотека №18</i> Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.	<i>Картотека №19</i> Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, өткіңші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту.

	<i>жапырақтарды, жинау.</i> <i>Ойын: «Қолшатыр»</i> <i>Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</i> <i>Ойынның шарты: Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады</i> <i>Керекті құрал-жабдықтар: қолшатыр</i> <i>Балалардың өз бетімен ойнауы:</i> 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау.	Еңбек: Сарғайған арам шөптерді жәлу. Мақсаты: Еңбек сүйгіштікке баулу. Қимылды ойын: “Кім жылдам” Мақсаты: Балаларды шапшыңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Дербес іс-әрекеттер.	бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Жеке жұмыс: «Күз» өлеңі. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен. Қимылдық ойын: «Қашпа, доп». Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Дербес ойындар: Қуаласпақ Қояндар секіреді.	Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Қимылдық ойын: «Монданақ». Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады. Ортаға біреу шығады. Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ, міне кетті монданақ», -деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасасыра қояды. Оны жасасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.	Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбедең, Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Тренинг: «Қолшатыр».
Серуен картотекасынан (картотека қосымша тіркелген)					
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Бала үні. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шұғыл жесуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру	№9 №9 1. Ояту Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық	№10 1.Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық	№10 1.Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.	№11 1. Ояну Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желтісін,	№14 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық

шаралары	Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық - Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен. - Керуетте жатып велосипед тебу. - Қолды алға созып, қайшылап қозғалту. 2. Гимнастикалық жолдан жүру Мықты болсын аяғым Мықты болсын бақайым Шынықтырып аяқты Жаттығуды жасаймын. 3. Тыныс алу жаттығулары Бақаны көрдім деп Достарым шақырды Ашуланып бақа Бақ-бақ етіп бақырды . «Дем жұтып шығару» 4. Жуыну жолдары Таза суды сүйемін Тап-таза болып жүремін Мұрын, ауыз қолымды Күнде жуып жүремін.	Терезеге қарап Күн жылуын алайық. Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) 2. Гимнастикалық жолдан жүру Жүрейік біз жүрейік Аяқты біз емдейік Аяқ қолым мықты болып Көпірлерден өтейік. 3. Тыныс алу жаттығулары Араға ұқсап ызылдап, Гүлдерге біз қонамыз. Гүлдің иісін аламыз, Таза ауаны жұтамыз. 4. Жуыну жолдары Салқын суды сүйеміз Тазарады бетіміз Жуынамыз күнде біз Әп-әдемі боламыз. .	Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) 2. Гимнастикалық жолдан жүру Жүрейік біз жүрейік Аяқты біз емдейік Аяқ қолым мықты болып Көпірлерден өтейік. 3. Тыныс алу жаттығулары Араға ұқсап ызылдап, Гүлдерге біз қонамыз. Гүлдің иісін аламыз, Таза ауаны жұтамыз. 4. Жуыну жолдары Салқын суды сүйеміз Тазарады бетіміз Жуынамыз күнде біз Әп-әдемі боламыз. .	Ұйқымызды ашайық -« Самал жел» - шалқадан жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққан бейнені көрсету -«Желдің желінуі» - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. -«Жел бұлттарды айдайды» - тізені құшақтап жату. аяқты құшақтап денемен адына- артына тербелу. 2. Гимнастикалық жолдан жүру Сәби шақтан бастап біз, шынығуды сүйеміз. Ұйқымыздан тұрған соң, жалаңаяқ жүреміз. Қыста, жазда әрдайым, шынығамыз қаппаймыз Шынықтырып денені мықты болып өсеміз. Бүдірлі тақтай үстімен жүру. 3. Тыныс алу жаттығулары Шарларды мен сүйемін Онымен ойнап жүремін Қызыл, жасыл шарларды Үрледі мен білемін. «Шар үрлеу» 4. Жуыну жолдары Су – тіршілік негізі Онсыз өмір сүрмейсің Гигиена егізі Су деп және білгейсің	Бір күлімдеп алайық. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз (2- 4 рет) 2. Гимнастикалық жолдан жүру Алашадан жүрейік Жүрісті біз түзейік Шымыр болып шынығып Тез-тез басып өсейік 3. Тыныс алу жаттығулары Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарларды Кейде жарып аламыз «Шар жарылды» 4. Жуыну жолдары Сылдырлайды мөлдір су Мөлдір суга қолың жу Жуынсаң сен әрдайым Аппақ бетің маңдайың
	«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген)				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека № 20 Құрлымдалған ойын: Кеңістікті бағдарлау. Мақсаты: балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі. Жеке баламен жұмыс Педагог жоспары бойынша	Картотека №18 Құрлымдалған ойын: «Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады. Жеке баламен жұмыс	Картотека № 16 Құрлымдалған ойын: «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балалар екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба біледі; өз ойын айта алады. Жеке баламен жұмыс	Картотека №17 Құрлымдалған ойын: «Төртінші артық» Ойын шарты: Басқаларына сәйкес келмейтін затты алып тастауды біледі. Жеке баламен жұмыс Педагог жоспары бойынша	Картотека № Құрлымдалған ойын: «Жол картасын бейнеле» Ойынның мақсаты: жоғары– төмен ұғымдарын түсінеді. Жеке баламен жұмыс Педагог жоспары бойынша Ерасылға ертегіні

	Айаруға тілде сөйлемдердің әр түрлі түрлерін ,қосымшаларды қолдануды үйрету. Еркін ойын Жанама бақылау., <i>4К моделі, бала үні.</i>	Педагог жоспары бойынша Айаруға бес көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру Еркін ойын Жанама бақылау., <i>4К моделі, бала үні.</i>	Педагог жоспары бойынша Мұслимге өздігінен түрлі ойындар ойнауды, ойын ережелерін сақтай алуды үйрету. Еркін ойын Жанама бақылау., <i>4К моделі, бала үні.</i>	Арайлымға ертегіні дұрыс мазмұндауға үйрету. Еркін ойын Жанама бақылау., <i>4К моделі, бала үні.</i>	мазмұндауды үйрету. Еркін ойын Жанама бақылау., <i>4К моделі, бала үні.</i>
Серуенге дайындық					
Серуен	Картотека № 12 Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. <i>4 к моделі, бала үні</i>	Картотека №15 Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау. <i>4 к моделі, бала үні</i>	Картотека №17 «Күз көрінісін бақылау» <i>4 к моделі, бала үні</i>	Картотека №18 Күзгі жапырақтарды бақылау. <i>4 к моделі, бала үні</i>	Картотека №20 Жәндіктерді бақылау. <i>4 к моделі, бала үні</i>
	Таңғы серуен картотекасын (картотека қосымша тіркелген)				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу	Психолог кеңесі : «Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктері» ақыл-кеңес	Жыл мезгіліне сай балаларды киіндіру (Тұтас бала бейнесі)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу	Күз мерекесі туралы әңгімелесу